

«Бекітемін»
«Ақсу кентінің №2 ЖОББМ» КММ-нің
мектеп басшысы: *Р.Ш.Крылатая*
« *08* » _____ 2024 жыл



«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

***Информатика және Робототехника кабинетінің
төлқұжаты***

Кабинет меңгерушісі: Махаббат Бегзат

2024-2025 оқу жылы

**«Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
информатика кабинетінің жылдық жұмыс жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты адамдар
1	Кабинеттегі жиһаздар мен құралдардың сақталу жағдайын қамтамасыз ету.	тамыз	Кабинет менгерушісі: Махаббат Б
2	Информатика кабинетіндегі оқу құралдарының есебін жүргізу	қыркүйек 1 апта	Махаббат Б
3	Кабинеттің жұмыс кестесін жасау	Қыркүйек 1 апта	Махаббат Б
4	Аптечкадағы медикаменттерді жаңарту	қыркүйек 1 апта	Махаббат Б
5	1-11 сынып білім алушыларын техника қауіпсіздігінің ережелерімен және кабинеттің жұмыс жоспарымен таныстыру	тамыз	Махаббат Б
6	1-11 сынып білім алушыларына өрт кезіндегі мектеп білім алушыларының эвакуациясы бойынша нұсқама беру	09.09 дейін	Махаббат Б
7	1-11 сынып білім алушыларына электр тоғымен зақымданған адамдарға алғашқы жәрдем беру бойынша нұсқама жүргізу	09.09 дейін	Махаббат Б
8	Кабинет паспортын және жұмыс жоспарын жасау	09.09 дейін	Махаббат Б

Информатика және Робототехника кабинет жабдықталуы

10 кабинетінің жабдықтары

№	Кабинеттегі мүлік	Берілген уақыты	Саны	Сақталу дәрежесі
1	Білім алушы партасы	2021 жыл	7	жақсы
2	Білім алушы орындығы	2021 жыл	14	жақсы
3	Педагог столы	2021 жыл	1	жақсы
4	Педагог орындығы	2021 жыл	1	жақсы
5	Компютерге арналған стол	2021 жыл	1	жақсы
6	Тақта	2021 жыл	1	жақсы
7	Шкафтар	2021 жыл	2	жақсы
8	Жалюзи	2021 жыл	2-6 м	жақсы
9	3D принтер	2021 жыл	1	Жақсы
10	Mindstorms ev3 45544	2021 жыл	8	Жақсы
11	Mindstorms ev3 45560	2021	5	жақсы
12	Robotis mini	2021 жыл	1	жақсы
13	Arduino Upgraded Learning kit	2021 жыл	3	Жақсы

Информатика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелері

Есептеуіш техника кабинетінде жұмыс жасау кезінде техника қауіпсіздігін сақтау оқушылар мен мұғалімдердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады

Аталған міндетті орындауда оқушы төмендегідей :

Жалпы ережелерді:

- 1. Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы;
- 2. Жұмыс жасау кезіндегі;
- 3. Апаттық жағдайдағы;
- 4. Жұмыс соңындағы талаптар мен ережелерді білуге тиіс.

Жалпы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар төмендегідей :

- Компьютерді тоққа қосатын сымдарға, қос тілді розеткілерге, штеккерлерге тиісуге және жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады.

- Дербес компьютерде суланған қолмен және дымқыл киіммен жұмыс істеуге болмайды;
- Компьютердің жанына портфельдер, сумкалар, кітаптар қоюға тыйым салынады. Үстелде қалам мен дәптер ғана болуы тиіс.
- Пернелік тақта үстіне артық заттар қоюға болмайды;
- Компьютерлік сыныпта жүгіруге, ойнауға, жанындағы құрбыларын аландатуға, бөгде жұмыстармен шұғылдануға тыйым салынады.
- Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және кіруге болмайды.

Оқушы компьютермен жұмыс жасау кезінде техника қауіпсіздігі талаптарын орындау ережесімен танысқандығы туралы журналды толтырады.

Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары:

Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғанына көз жеткізу керек;

Жұмыс жасау кезінде сымдардың дұрыс жалғанғанына ерекше көңіл бөлінуі керек.

Жұмыс орнына бекітілген тіркеу журналына керекті мағлұматтарды енгізіп, белгі жасау қажет.

Оқушының дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережесіне қойылатын талаптар:

§ ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан 60-70 см қашықтықта ұстау керек;

§ Сыныпқа кірушілермен орнынан тұрмай амандасуға рұқсат етіледі;

§ Көзі шаршаған жағдайда орнынан тұрмай-ақ көз жаттығуларын орындауға болады;

§ Электр тоғымен зақымданған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдерін, от сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді білуі қажет.

§ Көз жаттығуларын білу міндетті.

Апаттық жағдайдағы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар:

Жұмыс жасап отырған кезде дербес компьютерден ақау табылса, күйік иісі шықса немесе өзге дыбыс пайда болса, онда машинамен жұмысты тоқтатып, мұғалімге хабарлау керек;

От сөндіруде көмек көрсету қажет;

Электр тоғымен зақымданған адамға алғашқы көмек көрсетуді білуі керек;

Компьютерлік сыныпта өртті сумен сөндіруге болмайтынын білуі керек.

Оған құм және т.б. өрт сөндіргіш құрал-жабдықтарын пайдалануға болады;

Электр тоғының әсерімен зақымданған адамды су қолмен ұстауға болмайтындығын білу қажет. Оны әртүрлі материалдарды (электр тоғы сымынан басқа) пайдалану арқылы босатып алуға болады.

Дербес компьютермен жұмысты аяқтаған кездегі техника қауіпсіздігі ережесінің талаптары:

Мұғалімнің нұсқауы бойынша аппаратты өшіру;

Жұмыс орнын ретке келтіру.

Жұмыс орнындағы тіркеу журналына белгі қою.

Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі

1. Жалпы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар төмендегідей:

- Компьютерді тоққа қосатын сымдарға, қос тілді розеткілерге, штеккерлерге тиісуге және жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады;
- Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және кіруге болмайды;
- Дербес компьютерде суланған қолмен және дымқыл киіммен жұмыс істеуге болмайды;
- Дербес компьютердің жанына портфельдер, сумкалар, кітаптар қоюға тыйым салынады. Үстелде қалам мен дәптер ғана болуы тиіс;

О Пернелік такта үстіне артық заттар қоюға болмайды.

Компьютерлік сыныпта жүтіруге, ойлауға, жанындағы құрбыларын алаңдатуға, болде жұмыстармен шұғылдануға тыйым салынады.

2.Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары.

О Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғанына көз жеткізу керек;

О Жұмыс жасау кезінде сымдардың дұрыс жалғанғанына ерекше бөлінуі керек.

3.Оқушының дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережесіне қойылатын талаптар:

О ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан 60-70 см қашықтықта ұстау керек;

О Сыныпқа кірушілермен орнынан тұрмай амандасуға рұқсат етіледі;

О Көзі шаршаған жағдайда орнынан тұрмай-ақ, көз жаттығуын орындауға болады;

О Электр тоғымен зақымданған алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдерін, от сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді және от сөндіру тәсілдерін білуі қажет.

4. Апаттық жағдайдағы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар:

О Жұмыс жасап отырған кезде дербес компьютерден ақау табылса, күйік иісі шықса немесе өзгені дыбыс дыбысы пайда болса, онда машинамен жұмысты тоқтатып, мұғалімге хабарлау керек;

О От сөндіруде көмек көрсету қажет;

О Электр тоғымен зақымданған адамға алғашқы көмек көрсетуді білуі керек;

О Компьютерлік сыныпта өртті сумен сөндіруге болмайтындығын білуі қажет.Оған құм және т.б. өрт сөндіргіш құрал-жабдықтарын пайдалануға болады;

О Электр тоғының әсерімен зақымданған адамды су қолмен ұстауға болмайтындығын білу қажет. Оны әр түрлі материалдарды(электр тоғы сымынан басқа) пайдалану арқылы босатып алуға болады.

5. Дербес компьютермен жұмысты аяқтаған кездегі техника қауіпсіздігі ережесінің талаптары:

О Мұғалімнің нұсқауы бойынша апаратты өшіру;

О Жұмыс орнын ретке келтіру;

Электр тоғымен зақымданған жағдайда

алғашқы дәрігерлік көмек көрсету

1.Токты өшіру (щиттағы батырманы басу арқылы);

2.Зақымданушыны ток әсерінен(сымнан) босату;

3. Дәрігер шақыру;

4. Зақымданушыны қарап шығып, оған алған жаракатына байланысты көмек көрсету.

I. Күйген жағдайда:

● Ауырғанда сездірмейтін дәрілер (аналгин, валерьян және т.б.) беру;

● Күйген жерге арнайы май (облепиха) жағу ;

● Зақымданған жерге суық су құю;

● Алдын-ала жараланған жерді , микроптар түспес үшін мөлдір жұқа қағазбен (целлофанмен) орау.

II. Есінен танып қалған жағдайда:

● Зақымданушы жауырынымен тегіс жерге жатқызып, басын бір Жағына қаратып , қырымен орналатыру керек;

● Нашатыр спиртін иіскету керек.

III. Тыныс алысы тоқтаған жағдайда:

● Ауызды ашып тілдің орналасу жағдайын тексерту керек, егер ол күрмеліп қалса оны қолмен дырыс қалпына керек ;

● Дем алыс жағдайына келгенге дейін, қолмен дем алдыру (ауызбен ауызға) немесе дәрігер келгенге дейін жаттығулар жасату;

Шаршағандағы қолданылатын жаттығулар

1. Бас жаттығуларын жасау;

2. Басты сағат тілі және керісінше бұрып айналдыру;

3. Басты жан-жақ, жоғары-төмен, оңға-солға бұру.

4. Саусақтарды жұмып-ашу және қолдың блезігін босаңсыту.

5. Денені босаңсыты және оны кетіріп шырықтыру.

6. Көз жаттығуларын жасау;

Көзге арналған жаттығулар

1. 1-4-ке дейін санап көзді қатты жұмып, сонан кейін ашып, жайбарақат ұстап,

1-6-ға дейін санай отырып, алысқа қарау қажет. 4-5 рет қайталау қажет

2. 1-4-ке дейін санай отырып, екі көзді оларға қатты күш салмай, бір-біріне қаратып, соңында 1-6-ға дейін санай отырып алысқа қарап, 4-5 рет қайталау керек.

3. 1-4-ке дейін санап, басты қозғамай, оңға қарап бір нүктеге көз тоқтату, соңында 1-6-ға дейін санап, алысқа қарау. Осы тәрізді басты қозғамай, солға, жоғары, төмен қарау керек.

4. 1-6-ға дейін санай отырып, қозғарасты диагонали бойынша: оң жақ жоғарыдан-сол жақ төменге аударып, сонан соң алысқа қарау; сонан соң сол жақ жоғарыдан-оң жақ төменге аударып, алысқа қарау. 4-5 рет қайталау. Көз гимнастикасын орындау кезінде жалпы дене гимнастикасын да жасауға болады. Тұрақты түрде көз және жалпы дене гимнастикасын жасау көзге түскен қысымды жеңілдетіп, денені сергітеді.

Информатика пәнінің оқулықтары

№	Авторы	Атауы	Баспасы	Шыққан жылы	Саны
1	Г.И. Салғараева А.С.Маханова Л.А.Рсалина	Информатика 7 сынып	«Арман-ПВ» баспасы	2021	1
2	Г.И. Салғараева Ж.Б.Базаева А.С.Маханова	Информатика 10 сынып	«Арман-ПВ» баспасы	2021	1
3	Ж.У.Кобдикова Г.А.Көпеева А.А.Қаптағаетова А.Г.Юсупова	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар 4 сынып	«Арман-ПВ» баспасы	2021	1
4	Р.А. Қадырқұлов Ә.Д. рысқұлбекова Н.Қ. Беристемова	Цифрлық сауаттылық 3 сынып	Алматы «Кітап»	2021	1

Информатика кабинетінде санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты адамдар
1	Кабинетте күнделікті тазалық жұмыстарын жүргізу (жуу, оқу-көрнекілік, техникалық құралдарды сүрту, тазалау)	апта сайын	Махаббат Бегзат
2	Әрбір екі сағаттан соң кабинетті желдетіп, таза ауамен алмастырып отыру	Әр күні	Махаббат Бегзат
3	Компьютерге профилактикалық бақылау жүргізу	айына 2 рет	Махаббат Бегзат
4	Кабинетте кезекшілік кестесін жасау және жиһаздың сақталуын қадағалау	Әр күні	Махаббат Бегзат
5	Жарықтық және жылулық режимді сақтау	Әр күні	Махаббат Бегзат
6	Қатты дисктегі қажет емес файлдарды тазарту жұмыстары	қажетті кезде	Махаббат Бегзат
7	Дискідегі вирустардан тазарту және оны жиі тексеріп отыру	қажетті кезде	Махаббат Бегзат
8	Компьютердегі антивирус базасын жиі жаңартып тұру	апта сайын	Махаббат Бегзат
9	Кабинетте түпкілікті тазалық жұмыстарын жүргізу	аптасына 1 рет	Махаббат Бегзат

Кабинетте медициналық қораның болуы (бар/жоқ)

Білім алушыларға көрсетілетін алғашқы көмек кезіндегі қажетті дәрі-дәрмектер және медициналық препараттар

Медициналық құралдар және дәрі-дәрмектер	Ұсыным	Дана
Жеке антисептикалық байлау пакеттері	Байлау жасау үшін	3 дана
Бинттер	Байлау жасау үшін	3 дана
Орамдағымақта	Байлау жасау үшін	3 дана
Қан тоқтатуға арналған жгут	Қанды тоқтату үшін	1 дана
Йод қышқылы	Денедегі жараларға, жаңатүскенжарақаттарғажағу үшін.	1 құты
Нашатырь спирті	Талып қалған жағдайда мақтаға тамызып, ауыруадамныңмұрнынапару.арқылықолданылады.	1 құты
2-4% бор қышқылының ерітіндісі	Күйе кезінде көзге мәрліге тамызып алып қою.	1 құты
1% бриллиант жасыл спирттік ерітіндісі	Денедегі жараларға, жарақаттарға жағу үшін.	1 құты
Кордиамин	Орталық нерв жүйесі, жүрек және тыныс алу жолдарының қызметін реттеу үшін. (25 тамшыны 1 шайқасығына)	1 құты
Резінке қолғаптар		1 дана
Марганцово-кислый калий (марганцовка)	Терінің үстіне түскен жарақаттарға жағу үшін.	1 қап
Жабыстыратын пластырь		1 қап

- Аммиак ерітіндісі-10%-10 мл
- Йод-5 %-10 мл
- Зеленка 1 %-10 мл
- Перекис водорода 3%-40 мл
- Парацетомол 0.2 г
- Валидол 0,06 г
- Бинт, мақта

Кабинетте қауіпсіздік техникасының болуы.

(Оқу кабинеттерін көркемдеуге қойылатын талаптар) (бар/жоқ)

Білім алушыларға арналған информатика кабинетіндегі қауіпсіздік еңбек жағдайы бойынша нұсқаулар:

I. Негізгі қағидалар

Қазақстан Республикасының Білім мен ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, барлық оқушылар оқу процесінде есептеу техникасын қолдану алдында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау алып, апат жағдайдағы әрекеттер ережелерімен, электр тогымен зақымданғанда алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерімен және шаршағанда, көз талғанда дем алу үшін орындайтын жаттығулармен танысулары қажет. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау берілгеннен кейін оқушылар сынақ тапсырулары керек. Бұл жөнінде сәйкес үлгідегі журналға тіркеледі.

Информатика кабинетінде сабақ өткізу кезіндегі оқушылар білуі тиісті еңбек қауіпсіздігін сақтау талаптарына қауіпсіздік техникасының ережелері, компьютер сыныбындағы тәртіп ережелері, электр тогымен зақымданғанда көрсетілетін алғашқы дәрігерлік көмек тәсілдері, шаршағанда және көз талғанда қолданылатын жаттығулар жатады.

Оқушыларға еңбек қауіпсіздігі жөнінде нұсқау беру және оған үйрету жолдары:

1. Оқушыларда зерделі көзқарас тәрбиелеу және оларға жұмыстың дұрыс және қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін меңгерту үшін, мұғалімдер оқушылармен қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасының талаптарын сақтау жөнінде дәріс пен нұсқау беріп отыруы керек.
2. Еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқау беру мен оған үйрету алдымен барлық оқушылармен кабинетте кіріспе сабақта, сонан кейін дербес компьютермен жұмыс істеу алдында жүргізіледі.
3. Алғашқы нұсқаулар беру кезінде мұғалім оқушыларды қауіпсіздік техникасының ережелері мен еңбек гигиенасымен: жұмыс барысында кездесетін қауіпті жағдайлармен және сақтық жағдайларымен таныстыруы керек.
4. Алғашқы нұсқауларды кабинет меңгерушісі (мұғалім) лекция немесе әңгіме түрінде жүргізеді.
5. Дербес компьютермен жұмыс істеу алдында (жұмыс орнында алғашқы рет) берілетін нұсқау алғашқы нұсқауды толықтырады. Оның негізгі мақсаттары жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырып, тәртіппен ұстау талаптарымен, қауіпсіз жұмыс істеу әдістерімен, сақтану құралдарымен, белгілі бір жұмысты орындау кезінде болатын қауіпті жағдайлармен, жұмыс істеушінің міндеттерімен, сондай - ақ қауіпті жағдайлармен және олар туған кезде орындайтын іс - әрекет ережелерімен таныстыру.
6. Оқушылармен өткізілген дәріс пен нұсқаулар журналында тіркеледі.